

Тексерілді:

«Нұрби» мектеп бөбекжай балабақшасы

Менгерушісі **Мираманова М.А.**



Ертеңгілік



Тақырыбы: Ана – өмірдің гүлі

Орындаған: Сатынбекова Қаршыға Суиндикқызы

«Аналар, асыл жандар»

Мақсаты: Балаларға көктем айының алғашқы мерекесі «Аналар мерекесі» екені ұғындыру. Аналарды сыйлау, құрметтеу және арнау ұғымдарын түсіндіру. Эстетикалық тәрбиеге баулу.

Жүргізуші: 8 Наурыз – аяулы аналарымыздың мерекесі – көктемнің алғашқы айында келіп тұр. Бұл мереке жылдың басқа мезгілінде болуы келіспейтін секілді. Өйткені көктем секілді әйелдер де адамзатқа өмір, жылылық пен әсемдік сыйлайды.

Құрметті де қадірлі аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын. Өмір сыйлаған сәбилеріңіз сіздерге тек қуаныш пен шаттық сыйласын.

Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті абзал аналар – дей отырып бүгінгі «Қарлығаш» тобында болғалы тұрған **«Аналар, асыл жандар»** ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Алинұр: Той пердесін ашайық

Тойға шашу шашайық

Аналарды құрметтеп

Өн маржанын ашайық.

Ұлан: Көктем қандай көрікті,

Күн сәулесін төгіпті.

Мерекені тойлауға

Көп қонақтар келіпті.

Көңілдіміз бәріміз,

Атты күткен таңымыз.

Ардақты **ӘЖЕЛЕРДІ,**

Аяулы **АНАЛАРДЫ,**

Сұлу қыздарымызды,

Шын жүректен

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ бәріміз. (әуенмен қол шапалақ)

(Әуенмен залға ұлдар кіреді жан жақтарына қарайды.)

Ерасыл: Бақытты ғой шынында

Анасымен балалар.

Құтты болсын мереке

Аман болсын **АНАЛАР**

Жүргізуші:

- Балалар, бүгін бізде қандай мереке?

- Аналар, әжелер күні.

- Ал біздің қыздарымыз жок кой, қане бәріміз қол соғып ортаға қыздарымызды шақырайық.

(Ұл балдар қыздарға гүл сыйлайды)

Балалар биі: «Мама»

Жүргізуші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі деп ойлайсыңдар?

Балалар: Көктем

Жүргізуші: Көктем екенін қайдан білесіңдер?

Балалар: Көктемде қар ери бастайды. Күн жылынады. Құстар сайрайды.

Жердің беті көктей бастайды.

Жүргізуші: Ендеше балалар Көктем Аруын шақырайық.

(Әсем әуенмен көктем келеді)

Көктем: Мен көктеммін, көктеммін

Былтыр келіп кеткенмін

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал еккенмін.

Тілеп жылға оң қадам

Өн арнайды ел маған

Тіршіліктің бастауы

Көктем айы мен болам.

Көктем: Сәлеметсіздер ме, балалар! Көктемгі көңіл күйлеріңіз қалай? (Балалар, хормен жақсы тілектерін білдіреді)